

Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ААЖ) арқылы жіберілген ақша аударымдарының көлемі 2022 жылдың мамыр айында 110,1 млрд. теңге сомадағы 329,4 мың транзакцияны құрады. 2021 жылғы мамырмен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны мен көлемі тиісінше 39,2% - ға және 41% - ға өсті. 2022 жылдың сәуірімен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 1,7%-ға артып, көлемі 2,6% - ға азайды.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, ЮНИСТРИМ, Contact, Faster, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа жүйелері арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2022 жылдың мамыр айында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 22,9% және жалпы сомасының 10,7% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 77,1% және 89,3% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2022 жылдың мамыр айында шетелге ААЖ арқылы 98,4 млрд. теңге сомаға 254,1 мың транзакция жіберілді. 2022 жылғы сәуірмен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 0,9% - ға, ал көлемі 5% - ға азайды. Өткен жылдың мамырымен салыстырғанда жөнелтілген ақша аударымдарының саны мен көлемі тиісінше 39,7% - ға және 34,6% - ға өсті.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша алдыңғы қатарда: Өзбекстан – 31,0 млрд. теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім – 41%), Түркия – 19,7 млрд. теңге (өсім – 56%), Ресей – 18,3 млрд. теңге (өсім – 39%), Грузия – 9,1 млрд. теңге (өсім 6,2 есе), сондай - ақ Қырғызстан – 7,2 млрд.теңге (азаю - 40%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	218,1	85,8%	79 658,1	81,0%
CONTACT	18,0	7,1%	8 918,5	9,1%
Вестерн Юнион	8,7	3,4%	5 796,5	5,9%
MONEYGRAM	2,2	0,8%	2 614,5	2,7%
ЮНИСТРИМ	3,6	1,4%	1 021,9	1,0%
Басқа ақша аудару жүйелері	3,6	1,4%	351,7	0,4%
Жалпы жиынтығы	254,1	100,0%	98 361,3	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Өзбекстан	95,6	37,6%	31 022,0	31,5%
Түркия	31,9	12,6%	19 749,3	20,1%

Ресей	72,6	28,6%	18 324,8	18,6%
Грузия	4,2	1,6%	9 120,8	9,3%
Қырғызстан	18,7	7,4%	7 232,6	7,4%
Қытай	2,8	1,1%	3 764,6	3,8%
Армения	1,4	0,5%	2 209,2	2,2%
Тәжікстан	14,8	5,8%	1 711,3	1,7%
Әзірбайжан	2,4	1,0%	1 370,8	1,4%
Корея Республикасы	0,8	0,3%	892,7	0,9%
Басқалары	9,0	3,5%	2 963,3	3,0%
Жалпы жиынтығы	254,1	100,0%	98 361,3	100,0%


Валюталар бойынша

ААЖ арқылы шетелден жіберілген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 52,8%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 70,5%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдар жалпы санының үлесі



Жіберілген аударымдар жалпы көлемінің үлесі



ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2022 жылдың мамыр айында Қазақстанға шетелден ААЖ арқылы 69,2 млрд. теңге сомаға 152,9 мың. транзакциялар алынды. 2022 жылдың сәуір айымен салыстырғанда алынған ақша аударымдарының саны 15,2%-ға азайды, ал көлемі 31,8%-ға өсті. Өткен жылдың мамыр айымен салыстырғанда алынған ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 66,5% және 229,7% өсті.

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сума (млн. теңге)	Жалпы сумадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	102,6	67,1%	55 065,3	79,6%
Вестерн Юнион	24,2	15,8%	5 475,9	7,9%
MONEYGRAM	11,0	7,2%	3 373,8	4,9%
CONTACT	5,9	3,8%	3 355,5	4,9%
ЮНИСТРИМ	4,8	3,1%	1 690,4	2,4%
Басқа ақша аудару жүйелері	4,5	2,9%	216,7	0,3%
Жалпы жиынтығы	152,9	100,0%	69 177,5	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың)	Жалпы сандағы	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сумадағы
----	---------------	------------------	------------------------	-------------------

	транзакция)	үлесі, %-бен		үлесі, %-бен
Ресей	71,8	39,9%	18 311,2	34,9%
Қырғызстан	27,9	15,5%	8 316,1	15,9%
Америка Құрама Штаттары	11,8	6,6%	5 941,8	11,3%
Корея Республикасы	5,5	3,1%	4 981,1	9,5%
Өзбекстан	7,7	4,3%	3 291,2	6,3%
Германия	21,3	11,8%	3 268,0	6,2%
Түркия	7,8	4,3%	1 940,3	3,7%
Тәжікстан	1,6	0,9%	478,3	0,9%
Беларусь	1,7	1,0%	475,1	0,9%
Грузия	0,8	0,5%	452,5	0,9%
Басқалары	22,2	12,3%	5 011,4	9,6%
Жалпы жиынтығы	152,9	100,0%	69 177,5	100,0%


Валюталар бойынша

ААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 48,3% және жалпы сомасының 73,1%) және қазақстандық теңге (тиісінше 37,5% және 20,5%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі



ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АУДАРЫМДАР


Қазақстан аумағында 2022 жылдың мамыр айында 11,8 млрд. теңге сомасына 75,3 мың транзакция жүргізілді. 2022 жылғы сәуірмен салыстырғанда ақша аударымдарының саны мен көлемі тиісінше 11,4%-ға және 24,0%-ға өсті. Өткен жылдың мамыр айымен салыстырғанда Қазақстанда ақша аударымдарының саны 37,3 пайызға, көлемі 2,4 есеге өсті.

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сума (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	2,9	3,8%	5 192,5	44,0%
Вестерн Юнион	0,7	1,0%	92,5	0,8%
ЮНИСТРИМ	0,1	0,2%	19,6	0,2%
CONTACT	0,03	0,03%	54,1	0,5%
Басқа ақша аудару жүйелері	71,6	95,0%	6 434,4	54,6%

Жалпы жиынтығы	75,3	100,0%	11 793,1	100,0%
----------------	------	--------	----------	--------

Валюталар бойынша
Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі

